

ТРИЗ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Болашақ ұрпақтың өркениетті елдермен терезесі тең болуы үшін инновациялық технологияларды кеңінен қолдану арқылы оқу тәрбие жұмысын жетілдіруіміз керек.

Ол – балаларды балабақшадан бастап жан-жақты ойлап, шешім таба білуге тәрбиелеу. Осындай технологиялардың бірі – ТРИЗ технологиясы. ТРИЗ-дағы басты қағида «барлығын айтуға болады». 1946 жылы Г.С. Альтшулер әдіснама бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ал балабақшада ТРИЗ атауы 70-ші жылдары пайда болды. Технология шығармашылыққа негізделген, яғни мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудағы жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады. Шығармашылық мүмкіндіктердің ерте кезден көріне бастауының себебі – бала кездегі елестету деңгейінің жоғарылығымен, ойлаудың танымдық бағытының дамуымен түсіндіріледі.

ТРИЗ технологиясы мектепке дейінгі балалық шақта бейімделетін баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттіліктерді дамытып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді.



ТРИЗ және оның қағидалары тек техникалық қана емес, сонымен қатар басқа да шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолайлы.

ТРИЗ технологиясы бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдіс-тәсілдер төмендегідей:

Жүйелі жақындау. Компоненттік, құрылымдық функционалды және генетикалық жақындау элементтері негізінде, қоршаған ортаның жүйелі көріністерінің бастауларын, бір-бірімен тығыз байланыста болатын бөлімдерден құралған жүйені біртұтас ретінде түсінік беру объектінің осы шақтағы, өткен шақтағы және келер шақтағы жағдайын бөліп ала отырып, уақыт және кеңістік туралы түсінік қалыптастыру.

ТРИЗ технологиясының әдістері: Каталог әдісі. Балалардың кез-келген таңдалған сөздің белгілерін, екінші бір кез-келген басқа кітаптан алған сөзге ауыстыруға үйрету.

Қарама-қайшылықты шешу әдісі-ұсынылған заттармен құбылыстарды әр қырынан қарау.

Сиқырлы объектілер әдісі-балаға

таныс объектінің сипаттарын екінші бір объектіге танып айту, қолдану.

Салыстыру әдісі-заттармен объектілердің ұқсастық ерекшеліктерін анықтау.

ТРИЗ технологиясын қолдану бала тілін дамытуда, қоғамдық және әлеуметтік түсінігін кеңейтуде, сөздік қорын молайту, ұғымын байытумен қатар, ойлау белсенділігін арттыру, өз бетімен жұмыс жүргізуге баулуға, өз ойын еркін жеткізе білу дағдыларын қалыптастыруда тиімді.

Мектепке дейінгі уақыт адамзат өміріндегі ең шешуші кезең болып табылады. Өйткені осы кезеңде баланың бойындағы табиғи дарындылығы жан-жақты дамиды. Сондықтан да осы шақтағы баламен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, соншалықты жұмыс нәтижелі болады.

ТРИЗ – ды ұзақ қолданса өнертапқыштық қасиет баланың

ойлау қабілетін барынша жетілдіреді. Кейбір психологтар шығармашылықты былай деп бағалайды: ол яғни, алғырлық, білімпаздық, жүйелілік, түп нұсқалық. Ал ТРИЗ-дың мақсаты – ойлау стилін жетілдіру, ереже шығара білу.

Сонымен қатар ТРИЗ – ақылдылардың, құрастырушылардың, ізденушілердің символы, яғни балалардың қаншалықты абстрактілі ойлауын, қиялдауын мен бақылағыштығын, зейіндерін ертерек дамытудың жолы. Бұл теорияның тілдік қабілеттерді дамытудағы өте бір маңызды орын алатыны айқын.

Сондай-ақ, бала тілін дамытуда ТРИЗ технологиясын қолдану аса маңызды. Аталмыш технологияны жүйелі пайдалана білген әрбір педагог, тәрбиеші баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтеді, сөздік қорын молайтып, ұғымын байытады. Сонымен қатар баланың ойлау бейімділігі артады, тілдері ширап, өз бетімен жұмыс түрі дамиды, сөз таптарын меңгереді, өз ойын еркін жеткізеді.

Әрине аталған мақсат-мүдделерді орындауда педагог кадрлардың рөлі зор. Сондықтан балабақша педагогтарымен қатар мектептердегі мектепалды дайындық сыныптар мұғалімдері үшін арнайы жоспарланған оқыту семинарлары мен біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылуы керек.

Балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы түрлі бағыттағы қызметті болжайды. Бұл жұмыс баламен педагогтың бірлескен шығармашылық саласын және құрдастарымен араласуды қамтамасыз етеді. Жан-жақты ойлай алатын бала, болашағын болжай да алады және алға ұмытылады. Ал болашақ ұрпаққа жол көрсету біздің еншімізде.

Гүлзат МАНЖЕКОВА,
№7 бөбекжай балабақшасы
әдіскері,
Талдықорған қаласы

АННОТАЦИЯ ○

Методист ясли-сада №7 г. Талдықорған Г. Манжекова в своей статье делится методикой воспитания подрастающего поколения, рассказывает, насколько важно развивать у малышей самостоятельность.

